

АЛТ «АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»

Педагогикалық кеңес (кезектен тыс)  
отырысында қаралды және мақұлданды  
«03» қазан 2 хаттама 2022жыл

«03» 10 2022 ж.

Бекітілді  
АЛТ Ақтөбе гуманитарлық –  
техникалық колледжінің  
директоры  
 Г.А.Тахитчева



2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

АҚТӨБЕ,2022

*Педагогикалық кеңес (кезектен тыс)  
отырысында қаралды және мақұлданды  
« \_\_\_\_ » \_\_қазан \_\_хаттама 2022жыл*

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

**Бекітілді**  
АЛТ Ақтөбе гуманитарлық –  
техникалық колледжінің  
директоры  
\_\_\_\_\_ Г.А.Такишева

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

## МАЗМҰНЫ

№	Атауы	Беті
	<b>1.Колледж туралы қысқаша анықтама</b>	
1.1	Колледж туралы қысқаша анықтама	
	<b>2.Колледждің миссиясы пайымы, стратегиялық мақсаттары және міндеттері</b>	
2.1	Колледждің миссиясы пайымы, стратегиялық мақсаттары және міндеттері	
	<b>3. Колледж жұмысының негізгі бағыттары</b>	
3.1	Оқу жұмысы	
3.2	Оқу-өндірістік жұмысы	
3.3	Оқу-әдістемелік жұмысы	
3.4	Оқу-тәрбие жұмысы	
3.5	Ақпараттық технологиялар	
3.6	Кәсіби бағдарлау жұмысы	
3.7	Оқу үрдісіне колледж ішілік бақылау жүргізу	
	<b>4. педагогикалық кеңес</b>	
4.	Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары	
	<b>5. Оқу әдістемелік кеңес</b>	
5.1	Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары	
5.2	Оқу жұмысының жоспары	
5.3	Оқу-өндірістік жұмыс бойынша жоспар	
5.4	Әдістемелік жұмыстың жоспары	
5.5	Тәрбие жұмысының жоспары	
5.6	Ақпараттық технологиялар бойынша жұмыс жоспары	
5.7	Колледж ішілік бақылаудың жоспары	
5.8	Кәсіби бағдарлау жұмысының жоспары	
5.9	Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспары (ЦӘК)	
5.10	Оқу бөлімдердің жұмыс жоспары	
5.11	Кітапхананың жұмыс жоспары	
5.12	Педагог-психологының жұмыс жоспары	
5.13	Директор жанындағы кеңес жоспары	
5.14	Индустриалды кеңес жоспары	
5.15	Қамқоршылық кеңес жоспары	

## 1. КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

<b>Қаланған жылы:</b>	2007 жыл
<b>Жалпы аумағы:</b>	
<b>Жобалық қуаты:</b>	
<b>Студенттерді дайындау</b>	9 мамандық бойынша білім береді
<b>Оқу-материалдық базасы:</b>	4 оқу ғимараты, 5 компьютерлік класы, оқу аудиториялары, кітапхана, спорт залы, асхана, теннис залы, акт залы
<b>Педагогтердің сапалық саны:</b>	Сапалық көрсеткіш - %, жоғары, 1 категория - , ғылым кандидаты - , магистрлер саны -

## КОЛЛЕДЖДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әкімшілік	Т.А.Ә
Директор	Г.А.Такишева
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Орымбас Б.А.
Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары	
Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	А.Б Альжанова
Бас бухгалтер	К.М Дарбаева.
Бухгалтер	И.Х Уралшина
Экономист	А.Абдуллаев
Кадрлар бөлімінің меңгерушісі	А.Кыдыралина

Колледжде 2 пәндік циклдік әдістемелік комиссиясы қызмет етеді:

ПЦК атауы	ПЦК төрайымдары
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер	А.Баймурат
Жалпы техникалық пәндер	А.Жубатырова

## 1.КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

ЖШС «АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің» тарихы 2007 жылдан бастап М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы акционерлік қоғамы Ақтөбе колледжі жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып ашудан басталды. Сол уақыттан бастап оқу орны дәстүрді сақтап және жетілдіре отырып, ұзақ жолдан өтті. Оқу орны - аймақтың экономикасы үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудағы ерекше оқу орындарының бірі.

Білім беру мекемесі өзінің атауы мен мәртебесін бірнеше рет өзгертті:

23.08.2022 ж. – «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы акционерлік қоғамы Ақтөбе колледжі», «АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі» болып өзгертілді («Логистика және көлік академиясы») Акционерлік қоғамының директорлар Кеңесінің шешімі 14.03.22жылдың №05/22) хаттамасы).

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі студенттер контингентін қалыптастыру саясатының сапасына үлкен көңіл бөледі. Колледждегі студенттер құрамы тұрақты болып қалады, бұл кәсіптік бағдар берудің тиімділігін және колледждің оң имиджін растайды.

Колледж жоғары білікті кадрларға, қазіргі заманғы оқу-өндірістік базаға ие бола отырып, білім беру және ақпараттық технологияларға сүйене отырып, техникалық және кәсіптік білім беру саласында білім беру қызметтерінің кешенін ұсыну бойынша көшбасшы болып табылады.

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі келесі мамандықтар бойынша жұмысшы кадрларын даярлауда:

1. 07140700 – Темір жол көлігіндегі автоматтандыру, телемеханика және қозғалысты басқару
2. 06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
3. Электр жабдықтары (салалар түрлері бойынша)
4. 01140100 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5. 01120100 – Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
6. 07160500 – Темір жолдардың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету.
7. 10410200 – Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару

Колледж жоғары білікті кадрларға, қазіргі заманғы оқу-өндірістік базаға ие бола отырып, білім беру және ақпараттық технологияларға сүйене отырып, техникалық және кәсіптік білім беру саласында білім беру қызметтерінің кешенін ұсыну бойынша көшбасшы болып табылады.

## 2. КОЛЛЕДЖДІҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Колледждің миссиясы:** Еңбек нарығындағы сұранысқа ие білім алушылардың әлеуметтік табысты тұлғасын қалыптастыруды сапалы білім беру қызметтерін ұсыну.

**Пайымы:** жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт

**Мақсаты:** Азаматтардың сұранысына, мемлекеттің талаптарына, әлеуметтік және экономикалық талаптарға сәйкес, колледж ұсынатын, техникалық және кәсіптік білім беру қызметтерінің қажетті сапасын келесілер арқылы қамтамасыз ету:

- вариативтілікті дамыту, білім алушылардың қабілеттері мен білім беру талаптарын ескере отырып, білім берудің сәйкесінше деңгейінің білім беру бағдарламалар мазмұнының бағыттылығын және әр түрлі күрделілік деңгейін қалыптастыру;
- колледждің білім беру ортасын оқу-әдістемелік, қорды және өндірістік қамтамасыз етуі,
- сапа саласында колледж саясатын жүзеге асыру арқылы басқарушылық қызметінің біліктілігін арттыру.

### Міндеттері:

**Педагогикалық ұжымның жұмысын жаңа 2022-2023 оқу жылында келесі нақты мәселелердің орындалуына бағыттау:**

1. Сапалы техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету.
2. Оқу үрдісінің ұйымдастырылуын, білім беру қызметінің оқу-материалдық жетілдіруін қамтамасыз ету.
3. Кәсіби даму мен болашақ кәсіби қызметіне ынтаны арттыратын білім алушы тұлғасының ортақ құзыреттіліктерін қалыптастыру.
4. Аймақтық маңызы бар кәсіби құзыреттіліктерді игерген, бәсекеге қабілетті бітірушіні дайындау мақсатымен теоретикалық және өндірістік оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын білім беру үрдісіне енгізу.
5. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау арқылы, ғылыми зерттеулердің нәтижелері, жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларды, педагогикалық кадрларды аттестаттау арқылы педагогикалық шеберлікті арттыру.
6. Колледж контингентін сақтау бойынша педагогикалық ұжымның жаңа жұмыс жасау түрлерін әзірлеу.
7. Колледж шеңберінде оңтүстік өңірлерінің жастарын тарту бойынша «Мәңгілік ел жастары индустрияға!» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру.
8. Салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту, студенттердің патриоттық, адамгершілікті және физикалық тәрбиелеу түрлерінің дамуын жандандыру;
9. Жастар ортасында экстремизм мен радикализм, ұлтаралық келіспеушіліктің пайда болуын болдырмау мақсатымен студенттердің бірігу түрлерін дамыту және жандандыру;
10. Колледж бітірушілерін жұмысқа орналастырудың жаңа әдістерін әзірлеу, заманауи талаптарға сәйкес колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
11. Заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды интеграциялау арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
12. Оқу үрдісінде заманауи инновациялық педагогикалық ақпараттық технологияларды кешенді дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
13. «Логистика», «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандықтарын ашу бойынша жұмысты жалғастыру;
14. Оқудың дуалды жүйесі бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша интеграцияланған оқу жоспарын және тәжірибелі-бейімделген білім беру бағдарламаларын енгізуді жалғастыру.
15. Бәсекеге қабілетті бітірушіні дайындаудың негізі ретінде - өндірістік оқытуды жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.

### 3. КОЛЛЕДЖ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

#### 3.1. ОҚУ ЖҰМЫСЫ

##### Оқу жұмысының мақсаттары мен міндеттері

**Келер оқу жылында негізгі міндеттер келесілер болып табылады:** өз ісіне үлкен шығармашылықпен, мобильділікпен атсалысатын, өз істеріне шеберлікпен және жауапкершілікпен қарайтын, еңбегінің нәтижелеріне жоғары талаптар қоятын жоғары білікті маманды дайындауды қамтамасыз ету; зияткерлік, мәдени, физикалық және адамгершілікті дамуда студент тұлғасының сұраныстарын қанағаттандыруды қамтамасыз ету;

##### Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін қажет:

1. Бөлім меңгерушілерінің, ПЦК, кабинеттер мен зертханалардың жұмыс жоспарларын қарау және бекіту.
2. Педагогикалық кеңестердің, әдістемелік кеңестердің, педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау комиссиясы отырыстарының әзірленуін және өткізілуін қамтамасыз ету.
3. Колледждің оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру: оқу үрдісінің кестесі, теоретикалық сабақ кестесі, оқу, біліктілік тәжірибелерін өткізу кестелері, курстық, дипломдық жұмыстарды қорғау.
4. Барлық мамандықтардың ағымдағы, рубежді және аралық бақылаулары үшін құжаттар блогын қарау және бекіту.
5. Студенттер білімдерінің аралық және қорытынды бақылауларының өткізілуін ұйымдастыру: дифференциалды сынақ, бақылау жұмыстары, емтихандар.
6. Оқу үрдісін инновациялық технологиялар және авторлық бағдарламалар, оқытудың белсенді түрлері мен формаларын енгізу арқылы оқу үрдісін жетілдіру.
7. Колледждегі оқытудың озық тәжірибелерін зерделеу және жалпылау: оқытушылардың сабақтарына қатысу, ашық іс-шаралар өткізу,
8. Оқу үрдісінің оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуын тексерілуін ұйымдастыру және өткізу.
9. Оқу формалары, топтар, ПЦК, пәндер бойынша колледж ішілік үлгерім бақылауы менталдауын өткізу.
10. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмыс талдауын өткізу, МАК ескертулерін жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарлау және оны жүзеге асыру.
11. Тұрақты түрде нормативтік құжаттарды қарау (бұйрықтар, нұсқаулықтар, өкімдер және т.б.)
12. Есеп-қисап құжаттарды уақтылы және сапалы жүргізу.
13. Біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттыру.
14. Мамандықтар бойынша күндізгі және сырттай оқыту бойынша Мемлекеттік (қорытынды) аттестаттаудың өткізілуін ұйымдастыру.
15. Оқу үрдісі кестесінің орындалуы үшін бақылауды жүзеге асыру.



## 3.2 ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ЖҰМЫСЫ

### **Оқу-өндірістік жұмысының басым бағыттары:**

Әлеуметтік серіктестікті кеңейту бітірушілерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етудің негізгі жолдарының бірі ретінде. Өндірістік және кәсіби тәжірибелерді ұйымдастыру Дуалды оқытуды ұйымдастыру. Бітірушілерге жұмысқа орналасуға көмектесу. Ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік жағдайларды қамтамасыз ету. Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру бойынша әдістемелік басшылық, оқытушылардың кәсіпорындарда тағылымдамалардан өтулерін ұйымдастыру. Оқу-өндірістік үрдісінің материалдық-техникалық базаларын жетілдіру

**Негізгі мақсаты:** оқу үрдісі мен өндірісті интеграциялау арқылы білім беру қызметтері мененбек нарығындағы жоғары бәсекеге қабылеттілікті қамтамасыз ету.

Оқу-өндірістік жұмысының маңызды мақсатқа қол жеткізуге ықпалын тигізетін бағыттарының бірі өндірістік және кәсіптік тәжірибелерді ұйымдастыру болып табылады.

**Тәжірибенің мақсаты** білім алушылардың алған теоретикалық білімдерін әрі қарай дамыту және бекіту болып табылады.

### **Тәжірибелердің түрлері.**

**Оқу тәжірибесі** – барлық мамандықтардың білім алушылары үшін өткізіледі, білім алушыларда алғашқы кәсіби тәжірибені игеруге қабылеттілігін қалыптастыруға бағытталған және тандалған мамандық бойынша жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді әрі қарай игеру үшін кәсіби қызметтің негізгі түрлері бойынша кәсіби модульдер шеңберінде жүзеге асырылатын дағдыларды игеруге бағытталған. Оқу тәжірибесі мамандыққа байланысты оқу аудиторяларында, колледждің шеберханасында өткізіледі. Оқу тәжірибесінің қорытындысы бойынша есеп жазылады.

**Өндірістік тәжірибе** – білім алушылардың нақты ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) болашақ қызметтерімен танысу болып табылады, білім алушылардың мамандық бойынша алғашқы икемділіктерді және дағдыларды игеру, ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде) нақты кәсіби қызметті орындау және зерделеу негізінде арнайы пәндерді оқу кезінде алған білімдерін бекіту, тереңдету және жүйелендіру, кәсіби ойлау қабылеттерін дамыту, өндірісте кәсіби қызметтің тәжірибелік дағдыларын игеру болып табылады. Ұйымдарда (кәсіпорындарда, мекемелерде), сонымен қатар оқу-өндірістік және оқу орындарының оқу шараушылықтарында өткізіледі. Өндірістік тәжірибе қорытындылары бойынша білім алушылар есеп жазады.

**Кәсіби тәжірибе** – студенттердің оқу кезінде алған теоретикалық білімдерін бекіту, мамандық бойынша тәжірибелік дағдыларды игеру, технологиялық үрдістерді зерделеу, өндірісті, өндірісті жүргізу әдістерін ұйымдастыру, кәсіпорын (учаскі, цех және т.б.) жұмысының көрсеткіштеріне техникалық-экономикалық талдау, қоршаған ортаны қорғау.

**Диплом алды тәжірибе** – барлық мамандықтардың білім алушылары үшін оқудың соңғы жылында өткізіледі, олар жеке жоспарға сәйкес дипломдық жұмыс (жоба) және есеп үшін тапсырмалар орындайды.

Бұл оқытудың соңғы кезеңі болып табылады және студенттердің теоретикалық және тәжірибелік бағдарламаларды игерген соң өткізіледі, студенттің мақсаты дипломдық жұмысты жазу үшін қажетті материалдарды жинақтау, бекіту, сараптау және нақтылау.

### 3.3 ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

**Колледждің миссиясы:** Еңбек нарығындағы сұранысқа ие білім алушылардың әлеуметтік табысты тұлғасын қалыптастыруды сапалы білім беру қызметтерін ұсыну.

**Колледждің әдістемелік тақырыбы:** Заманауи мамандарды дайындау мақсатымен оқу үрдісінде оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалану.

**Мақсаты:** Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін және кәсіби шеберлік деңгейін арттыру үшін жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және жағдайлар жасау жағдайында колледждің инновациялық қызметін әдістемелік қамтамасыздандыру.

**Әдістемелік қызметтің бағыттары:**

1. Ұйымдастырушылық қызмет
2. Оқу-әдістемелік қызметі
3. Педагогикалық кадрлардың біліктіліктерін арттыру
4. Колледждің педагогикалық қызметкерлерінің аттестатталуы
5. Озық педагогикалық тәжірибелерді жалпылау және тарату
6. Жас педагог мектебі
7. Ақпараттандырушылық қызмет
8. Ғылыми зерттеушілік жұмыс

**Әдістемелік жұмыстың міндеттері:**

- Білім беру бағдарламаларының әдістемелік қамтамасыздандырылуы;
- Заманауи педагогикалық технологияларды енгізу бойынша, оқу пәндерінің оқыту әдістемесін жетілдіруді, білім беру үрдісінің әдістемелік қамтамасыздандырылуын әзірлеуді, соның ішінде қашықтықтан жүзеге асыруды жүзеге асыру үшін цифрлық білім беру қорларын әзірлеуді;
- Ашық сабақтар өткізу, кәсіби және педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу, әр түрлі деңгейдегі семинарларға, ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысу арқылы оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін жетілдіру және шығармашылық шамаларындамыту;
- Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін және кәсіби шеберліктерін арттыру, аттестаттау, бар және жаңа технологияларды, білім беру үрдісінің әдістері мен түрлерін жетілдіру арқылы колледждің кадрлық шамасының дамуына үлес қосу;
- Оқытушылардың озық педагогикалық тәжірибелерін зерделеу, жалпылау және тарату педагогтың шығармашыл ойлау қабілетін дамыту;
- Жас оқытушылардың кәсіби өсулеріне әдістемелік қолдау көрсету.
- Қашықтық технологияларын және желілік өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін пайдалана отырып колледждің имиджін нығайту.
- Колледждің ресми парақшасын қолдау.

### 3.4 ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасының патриоты және азаматы ретінде, кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік шығармашылыққа қабілеті бар студент тұлғасының дамуы, өзін-өзі танытуы және әлеуметтенуі үшін қолайлы жағдайларды құру.

#### **Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:**

3.4.1 Студенттердің азаматтық жауапкершіліктерін, қазақстандық патриотизмді, адамның еркіндігі мен құқықтарына, мемлекеттік рәміздерге деген сыйластықты тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру.

3.4.2 Елінің тағдырына деген сезімге ие және дамыған рухани-адамгершілікті қасиеттерге ие, ынтымақтастыққа ашық тұратын және мәдени аралық ынтымақтастыққа қабілеті бар, «Қазақстан- 2050» - Мәңгілік Ел» Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуге белсене қатысатын тұлғаны қалыптастыру.

3.4.3 Мемлекеттік және басқа да тілдерді игеру арқылы әлемдік және ұлттық мәдениетті студенттердің игерулері үшін барлық жағдай жасау, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениеттерімен танысу және қабылдау, ұлтаралық толерантты қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.

3.4.4 Тұлғаның маңызды кәсіби қасиеттерін, қоғам алдында және өзі үшін жауапкершілікті, әлеуметтік, табиғи және әлеуметтік ортада өз қызметінің нәтижелері үшін болашақ буын алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру.

3.4.5 Болашақ мамандықтың мәні мен мазмұнына сәйкес келетін студенттің шығармашылық қабілетін дамыту.

3.4.6 Салауатты өмір салтын ұстануда тұрақты көзқарасты қалыптастыру.

#### **Тәрбие жұмысының методологиялық принциптері:**

**Гуманистикалық бейінділік принципі**, адамгершілікті қарым-қатынас негізінде білім беру-тәрбиелік

үрдісі субъектілерінің өзара әрекеттесу стратегиясын құруды қарастырады, тәрбиеленушіні өздігінше дамуға дайын дара субъект ретінде қабылдау;

**Жалпы адами құндылықтардың принципі**, ұлттық және әлемдік мәдениет нормаларының, рухани-адамгершілікті дәстүрлер негізінде тәрбиелеу нені болжайды;

**Мәдениеттілік принципі**, бұл жағдайда тәрбие ұлттық мәдениет нормалары және жалпы адами құндылықтарға сәйкес қаланады және осылардан негіз алады;

**Үздіксіздік принципі**, өмірлік іс-әрекеттің барлық кезеңдерінде тұлға дамуының жанжақтылығын қарастыратын, кәсіби және жалпы мәдени өсу үшін мүмкіндіктер мен шығармашылық шамаларды байыту;

**Табиғи сәйкестілік принципі**, табиғат дамуының ортақ заңдылықтарының басымдылығын анықтайтын; тәрбие жұмысында гендерлік және жас ерекшеліктерін ескереді;

**Тұтастық принципі** сабақ және сабақтан тыс қызметтің бірігуін қамтамасыз етеді;

**Этникалық принципі**, ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған, ана тілді қарым-қатынас орнату үшін жағдайлар жасау, салт-дәстүрлерді білу, өз халқының әдет-салтын білу, халықтардың ұлттық мәдениетін құрметтеу.

#### **Тұлға дамуының ерекшеліктері:**

Әлемдік көзқарастың, моральдық-адамгершілікті принциптердің, адамгершілікті өзіндік сана- сезімнің, әлеуметтік, саяси, діни, мәдени және басқа да ұстанымдардың орнығуы; өмірлік жоспарлардың тәжірибелік жүзеге асыруының бастамасы; кәсіби және жеке өз анықтамасы; адамның ішкі жан-дүниесіне назардың артуы; қыздар мен ер балалар арасындағы таңдаулы эмоциялық байланыстың пайда болуы; Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүріне сыйластық таныту, сонымен бірге басқа халықтардың мәдениетіне де.

#### **Қызметтің негізгі түрлері:**

Оқыту, еңбек, кәсіби, қоғамдық, ойын-сауық, волонтерлік.

#### **Тәрбиелеу үрдісінің ерекшеліктері:**

Жеке өзін өзі жетілдіру үшін педагогикалық жағдайлар жасау;

Кәсіби дайындық дағдыларының, дүниетанымдық ұсыныстарды қалыптастыру; Өмірлік іс-әрекет қауіпсіздігінің мәдениеті деңгейін арттыру;

Өзін өзі басқару, қоғамдық белсенділік пен тәрбие және оқыту қызметіне деген жауапкершілікті дамыту, Ұлттық мәдениеттің үздік үлгілерін, ұлттық дәстүрлерді зерделеу барысында жалпы адами және ұлттық тәрбиелеудің үйлесімдігі;

Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін танып-білуге қатыстыру; Ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін дамыту және сақтау жолында белсенділік таныту;

Қызығушылықтар бойынша өзін өзі кәсіби және шығармашылық тұрғыдан таныту үшін мүмкіндіктер беру.

БАҚ, ғаламтордың, жастардың суб мәдениетінің ықпалына есеп жүргізу.

## **Тәрбие жұмысының бағыттары**

### **1. Қазақстандық патриотизмді және азаматтылықты, құқықтық, ұлттық, отбасылық тәрбие.**

**Мақсаты:** жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілеті бар, патриот пен азаматты тәрбиелеу; саяси, құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениеті қалыптасқан тұлғаны; жастар мен балалардың құқықтық санасын, олардың жастар және балалар ортасында зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке төтеп беруге дайын болулары.

### **2. Рухани-адамгершілікті тәрбие.**

**Мақсаты:** тұлғаның рухани-адамгершілікті және этикалық принциптерін қалыптастыру, жалпы адами құндылықтармен келісуші оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын, қазақстандық қоғамның нормаларымен және дәстүрлерімен таныстыру.

### **3. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**

**Мақсаты:** кәсіби өзіндік анықтамасына саналы қарауды қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және эколонгиялық мәдениетін дамыту, үздіксіз білім беру негізінде кәсіби мобильділікке саналы қарым-қатынастың байқалуы.

### **4. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

**Мақсаты:** өмір бойы жалғасатын оқуға деген ынтасы мен құмарлығын, қызығушылығын, сонымен қатар ақпараттық мәдениетке, әр тұлғаның дарындылығын, зияткерлік мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін ынталандыратын ортаны қалыптастыру; білімге деген өзіндік ізденіс пен ақпаратты дұрыс пайдалана алу; зерттеушілік және жобалау қызмет дағдыларын игеру, инновацияға деген қабылет; пікір талас жүргізу дағдыларын дамыту, командада жұмыс жасау, ұжымдық рухты нығайты, ақпараттардың қайнар көздеріне сыни таңдау, ақпараттық қызметте этикалық нормаларға, жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

### **5. Көркем-эстетикалық тәрбие.**

**Мақсаты:** тәртіптің жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, өнер мен болмыста эстетикалық объектілерді бағалауға, игеруге, қабылдауға тұлғаның дайын болуын дамыту, төзімділікке, мәдени аралық өзара әрекетке, мәдениетті қоғамда қабылданған тәрбие нормаларына сыйлы қарым- қатынасты көрсету; тілдер және сөйлеу мәдениетінің нормаларына; эстетикалық идеалдарға, шығармашылық құндылықтарға; шығармашыл ойлау мен елестеуге, көркем-эстетикалық іс- әрекеттерге тәрбиелеу.

### **6. Физикалық тәрбие, салауатты өмір салты.**

**Мақсаты:** салауатты өмір салтының дағдыларын сәтті қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, физикалық және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу, рухани сұраныстар мен әлеуметтік ұстанымдарға дайын болу және ықыластарды қалыптастыру; теріс құбылыстарға қарсы шығудың тиімді әдістерін игеру; табиғи кепілдіктерін дұрыс пайдалану; денсаулықты нығайту және сақтау, қауіпсіз және жауапты мінез, жаңа өмірлік жағдалардағы төзімділікке.

Тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері оқу үрдісінің барысында жүзеге асырылады, сонымен қатар сабақтан тыс демалыс уақытында жүзеге асырылады.

#### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Білім алушылардың жастық ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған «Азамат» тәрбие бағдарламасын ретімен орындаудың мақсаттары мен міндеттерін қарастырады:

- Заманауи ақпараттық технологияларды және робот техникасы фундаменталды бөлімдерін зерделейді;
- Бизнес-зерттеушілік қызметті дамыту;
- Білім алушылардың бірнеше тілде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- Отанына, мемлекеттік саясатқа қатысты жауапкершілік пен сыйлы қарым-қатынасты көрсету.

**Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты, ұлттық тәрбиені, құқықтық, отбасылық тәрбиеге тәрбиелеу** – мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран), Қазақстан Республикасының Конституциясына, экономикалық және әлеуметтік мәдени даму саласында өз елінің жетістіктерін, өз өлкесінің мәдени-тарихи өміріне (ауыл, қала) сыйластықты тәрбиелейтін іс-шаралар арқылы.

**Рухани-адамгершілікті** – тұлғаның рухани-адамгершілікті және этикалық принциптерін қалыптастыруға, оның моральдық ұстанымдары мен ұстанымдарына, жалпы адами құндылықтармен келісуші, қазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне бағытталған іс-шаралар арқылы.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу** – қаржылық сауаттылықты, бизнес-жобалар құрастыру, қазақ, ағылшын тілдерін білу, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға арналған іс- шаралар арқылы.

**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** – денсаулықты нығайту мен сақтауға дайын болу және құштарлықты қалыптастыратын, қауіпсіз және жауапты мінез-қылыққа; табиғи нышандарды дұрыс пайдалануға, денсаулықты сақтау мен нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлық, жаңа өмірлік жағдайларға төзімділікке арналған іс-шаралар арқылы.

**Экологиялық, экономикалық, еңбек бағыттары** – кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыруға, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытуға, үздіксіз білім негізінде кәсіби мобильділікке саналы қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар арқылы.

**Көркем-эстетикалық тәрбие** – мәдениаралық өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған, эстетикалық идеалдарға талпыныс, көркем құндылықтарға, сыни ойлау мен елесті дамыту, көркем-эстетикалық қызметке бағытталған іс-шаралар арқылы.

### **Тәрбие жұмысының тиімділігі және жүзеге асырылуының бағалау өлшемдері**

**Бірінші бағыты – Қазақстандық патриотизмді және азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие**

#### **Бағалау өлшемдері:**

- Отанына, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік ұстанымға деген сыйлы қарым-қатынас, намыс сезімін және жауапкершілікті көрсете білу; Қазақстан Республикасының заңнамасына және Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран), құқықтық тәртіпке; ұлтаралық және діни аралық келісімге, халықтардың достастығына; экономикалық және әлеуметтік мәдени даму саласында өз елінің жетістіктеріне; құндылықтарға, басқа адамның еркіндігі мен құқықтарына; табиғатқа, өз өлкесінің мәдени-тарихи өміріне (ауылдың, қаланың, шағын ауданының); құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпке; заңтардың талаптарына, құқықтар мен міндеттерге; әлеуметтік құндылықтарға; этникалық сана сезімге; этникалық бірлестікке; туған және мемлекеттік тілді игеруге; өз халқының мәдени мұрасына, өз халқының және қазақ халқының салт-дәстүріне; Қазақстанның этномәдениетіне; Қазақстанның басқа этностарының мәдениетіне; этникааралық келісім мен бейбітшілікке; адамгершілікті ұстанымдар арқылы отбасы және неке құндылықтары.

#### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Сабақтар, оқыту пәндері, сабақтан тыс іс-шаралар, қосымша сабақтар. Пікір талас, пікір алмасу, патриотикалық форумдар, науқандар, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа сабырсыздыққа әкеліп соқтыратын науқандарды ұйымдастыру. Мемлекеттік атрибуттарды және мемлекеттік рәміздерді білу бойынша конкурстар мен олимпиадалар өткізу. Қазақ халқының және Қазақстанда тұрып жатқан басқа этностардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін зерделеу бойынша өлкетану экспедициясы. Мемлекеттік, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс ардагерлерімен және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау органдарының, әділет, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметкерлерімен кездесулер; балалар және жастардың бастамалық жобаларының жүйесін дамыту; қоғамдық қорлармен бірлескен жұмыс; әңгімелесу, лекциялар, семинарлар, тренингтер; экскурсиялар; ақпараттық-құқықтық материалдарды тарату; «сенім қызметін» ұйымдастыру, «Мен және заң акциясын ұйымдастыру», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз – қоғам қызығушылықтарын сатып кетуге қарсымыз».

«Мәңгілік ел», «Жаңа Қазақстан» жобасы шеңберінде науқандар өткізу, Қазақстан Республикасының рәміздерін білу бойынша конкурстар мен фестивальдер, мемлекеттік тілді, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу.

Білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңестері мен ата-аналар комитеттерінің қызметін жандандыру; репродуктивті денсаулық орталықтары, мамандардың консультациялар өткізулері, біріккен отбасылық іс-шаралар; жастар арасындар қыздар мен ұлдар арасында тәртіп мәдениеті туралы әңгіме жүргізу, ата-аналардың білім беру ұйымының өміріне қатысу, мемлекеттік емес ұйымдармен серіктестік, балалар және жастардың қосымша білім беру объектілеріне тегін негізде қолжетімділікті ұйымдастыру; «Менің отбасым», «Жыл отбасы» фестивальдерін, конкурстарды, жарыстарды өткізу.

#### **Екінші бағыты – Рухани-адамгершілікті тәрбие.**

##### **Бағалау өлшемдері:**

- адамгершілікті қарым-қатынасты: жалпыға ортақ мораль нормалары мен этикаға, өзінің намысына, абыройы мен парызына, ішкі еркіндігіне және адамгершілікті шешімдерді қабылдауға, өз халқының және өзге ұлттардың мәдениеттеріне, дәстүрлеріне, діни құндылықтарға, ой және іс бірлігіне, өз мінезін жетілдіруге, ішкі дауыспен құпталған ұятқа, әр түрлі мәдениеттер мен сенімдердің бірлігіне, адамдарға риясыз қызмет көрсетуге, ата-аналарының, отан, қоғам алдындағы парызына көрсете білу.

##### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Оқытудың тәрбиелік шамасын оқыту пәндерінің мазмұнындағы құндылықтарды интеграциялау арқылы күшейту; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру, еріктілікті дамыту; педагогикалық консилиумдер, ата-аналар институттары; рухани-адамгершілікті тәрбиенің сапасына мониторинг жүргізу, рухани-адамгершілікті тәрбие тұрғысынан қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту.

## **Үшінші бағыты - еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**

### **Бағалау өлшемдері:**

- оң және ұқыпты қарым қатынас таныту: экологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясатқа, нақты айтқанда, «Жасыл экономика» бағдарламасына; табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне деген экологиялық сауаттылық; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің әр алуандығына; кәсіби білім мен өндірісті еңбекке; нарықты экономика заңдылықтарына.

- байыпты қарым-қатынас таныту: экологиялық қауіпсіз мінез нормаларын сақтау; мамандықты таңдауда; қызметінде өз мақсаттарына жетуде; үздіксіз білім негізінде кәсіби мобильділікті сақтау.

### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Сабақтар, оқыту пәндері, экспедициялардағы қосымша білім алу, туған өлкесінде туристік саяхаттар, сенбіліктерде, қала, аудан білім беру ұйымдарында көгалдандыру және көріктендіру, жасыл өсімдіктерді отырғызуда, оқыту пәндері, экспедициялар арқылы берілетін қосымша білім,

«Жасыл ел» қозғалысына қатысу, еріктілер қозғалыстарына, ғылыми экологиялық жобаларға қатысу, табиғи аумақтарды қоқыстан тазартуға қатысу. Сенбіліктер, кәсіпорындарға экскурсиялар, жетекшілермен, новаторлармен, табысты кәсіпқойлармен кездесу, жетекшілік, студенттік құрылыс және педагогикалық жасақтардың қызметі. «Өмір мен мансапты жоспарлау», «Кәсіби талпыныс» атты жобаларды жүзеге асыру. Оқу шеберханасы мен зертханалардың материалдық-техникалық беріктігі.

## **Төртінші бағыты – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

### **Бағалау өлшемдері:**

- қызығушылықты, ынтаны және сұраныстылығын таныту: өмір бойы білімдерін шыңдауға; ақпаратты қолдануға үйрену және өздігінен ізденіс; сыни ойлау қабілетін дамытуға, алған ақпаратты тиімді пайдалануға және талдауға; зерттеушілік және жобалау қызметтерінің дағдыларын игеруге, инновацияға деген қабілеттері; талқыға түсу дағдыларын дамыту; жасампаздық қызметке; ұжымдық рухты нығайтатын ұжымда жұмыс жасау; ақпаратты алудың қайнар көздерін талдауда сыншылдық таныту; Ғаламтор-қауымдастығына ену; Интернеттегі девиантты қарым-қатынасқа төтеп беру; Ғаламтор-сауаттылығын қалыптастыру; ақпараттық қызметтегі этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Сабақтар, оқу пәндері, үйірмелер және қызығушылықтары бойынша сабақтар, мектептік және желілік пікірталас турнирлері, балалармен және жастармен бірлескен жобалық жұмыс; сабақтан тыс қызмет, балалар және жастар бірлестіктеріндегі қызметтері, әр түрлі деңгейдегі өзін өзі басқару органдарына қатысу, қосымша білім. Зияткерлік ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар. Талантты мамандармен және құрдастармен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеушілік, ғылыми тақырыпты ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, хабарламалар, мектеп және студенттік медиа орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапхананы дәріптеу. Психометрикалық және социометриялық тесттер және әдістемелер; көшбасшылықты дамыту бойынша бағдарламалар.

## **Бесінші бағыты – Көркем-эстетикалық тәрбие.**

### **Бағалау өлшемдері:**

- сыйластық қарым-қатынас таныту: төзімділік пен ғаламдық ойлауға; полимәдениеттілік пен көптілдікке; мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерді білуге; мәдениетаралық ынтымақтастыққа; қандай да бір мәдениетті қауымдастықта қабылданған мәнез-құлық нормаларына; Сөйлеу және тіл мәдениетінің нормаларына; эстетикалық идеалдармен көркем құндылықтарға; шығармашылық ойлау мен елеске, көркем-эстетикалық қызметке.

### **Жүзеге асырудың механизмдері:**

Жастардың мәдениет пен халықтардың әр алуандығында бірлікті көру. Үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар: театрлар, мұражайлар, көкемдік көрмелер, тарихи орындар, іс-шаралар: шығармашылық кештер, жастар және балалар қызметтерінің көрмесі, халықтар достастығының фестивалдері, тілдер және шығармашылық клубтар, конкурстар; кездесулер: танымал тұлғалармен, өнер қырандарымен; Қазақстан халықтарының Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық жасасу.

## **Алтыншы бағыты – Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты**

### **Бағалау өлшемдері:**

- ынта мен әзірлілікті таныту: денсаулық жағдайына скрининг жасау; әлеуметтік ұстаным мен рухани сұраныстарға; кері әсерлерге қарсы тұрудың тиімділік әдістерін игеру; табиғи қабілеттерді дұрыс пайдалану; денсаулықты сақтау және нығайту, қауіпсіз және жауапты мінез-құлық; жаңа өмірлік жағдайларға төзімділік; қауіпсіздік пен өмірлік қызметтермен қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ортасын құру.

### **Жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

-Білім алып жүрген жастардың қазақстандық патриотизмдерінің, азаматтық сана-сезімдерінің, құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің, төзімділік пен тұлғаның әлеуметтік маңызды сапаларының қалыптасу деңгейінің артуы;

-Жалпы адамдық және ұлттық құндылықтардың мәдениеті негіздері, мемлекеттік және ана тілі мен этномәдениетке сыйластық;

-Тұлғаның рухани-адамгершілікті дамуында білім беру мазмұнының тәрбиелік шамасын күшейту;

-Ата-аналардың балалардың тәрбиесіне деген жауапкершілік пен психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;

-Білім беру ұйымдарында полимәдени ортаны құру, тұлғаның шынайылық пен өнерде эстетикалық объектілерді бағалауға, игеруге және қабылдауға дайын болуы;

-Тұлғаның дамыған экономикалық ой-өрісі және өзін өзі дамыту мен кәсіби қалыптасуына саналы қарым-қатынасы; табиғатты аялауға белсенді азаматтық көзқарасы; экологиялық сауаттылықтың және мәдениеттің жоғары деңгейі;

-Сәтті әлеуеттену, өзін-өзі жетілдіру және дамыту, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысу, өзін-өзі тәрбиелеу.

Осылайша, тәрбие жұмысының жоспары білім беру үрдісінің тәрбиелік шамасына, отбасылық тәрбие құндылықтарына, жалпы адами және ұлттық құндылықтардың басымдылығына, адамның өмірі мен денсаулығына, тұлғаның еркін дамуына, патриотизмнің дамуына, еңбек сүйгіштікке, адам еркіндігі мен құқықтарына сыйластыққа бағытталған.

### 3.5 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Мақсаты:** Оқу үрдісін ақпараттандыру және колледжді басқаруды автоматтандыру.

**Міндеттері:**

1. Колледжді ақпараттандырудың материалдық-техникалық базасын дамыту.
2. Оқу үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану.
3. Колледждегі әр түрлі қызметтердің жұмыстарын автоматтандыру.
4. Колледж қызметкерлерінің АКТ саласында біліктіліктерін арттыру

### 3.6 КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

**Мақсаты**

- еңбек нарығының қызығушылықтары мен сұраныстарына, студенттердің қабылеттеріне сәйкес келетін білім алушыларды кәсіби сүйемелдеудің тиімді жүйесін құрастыру;

- басым бағыттарды болашақ білім алушылармен және әлеуметтік серіктестермен жасау кезінде пайдалану;

- аймақтың даму талаптарына сәйкес педагогикалық, техникалық еңбек нарығындағы мамандарды, сонымен бірге студенттердің контингентін сапалы қалыптастыру;

- студенттерге еңбек жолында және оқудың бастапқы кезеңінде әлеуметтік және психологиялық бейімделуде, кәсіби қалыптасуларында көмек көрсету.

**Міндеттері:**

- білім алушылардың кәсіби ағартушылық және кеңес берулерді ұйымдастыру, жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып тұлғаны кешенді тану негізінде кәсіби ниеттерін қалыптастыру, денсаулық жағдайларын, аймақтағы кадрларға сұраныстарды ұйымдастыру;

- кәсіптік білім беру саласында әлеуметтік ынтымақтастықты дамыту;

- бітірушілердің еңбек нарығында бейімделулері мен жұмысқа орналасуға қолдау көрсетуді жүйелендіру;

- аймақтың, қаланың білім беру мекемелерімен кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша бірлескен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

- жалпы колледждің оқу-тәрбие үрдісін кәсіби-бағдарлау бағыттылығымен қамтамасыз ету.

**Колледждің құрылымдық бөлімшелері өткізетін кәсіби бағдарлау бойынша негізгі бағыттар мен іс-шаралар:**

- жалпы білім беру мектептерімен колледжге оқуға түсуге үгіттеу бойынша серіктестікті ұйымдастыру (білім алушылармен және олардың ата-аналарымен, сынып жетекшілермен, мектеп әкімшілігімен);

- колледжге оқуға түсетін талапкерлердің кәсіби бағдарын жүзеге асыру;

- колледж бітірушілері арасында жұмыс берушілермен бірлесіп кәсіби бағдарлау жұмысын өткізу.

- кәсіби бағдарлау іс-шараларының түрлерінің, жиналған тәжірибелерді пайдалану;

- кәсіби бағдарлау жұмысының үрдісіне студенттерді тарту.

**Кәсіби бағдарлау жұмысының мазмұны:**

- Кәсіби бағдарлау – тәрбие беру және білім беру әсерлерінің жиынтығы, оның мақсаты таңдау жасау кезінде дербестік пен саналықпен қамтамасыз ету болып табылады, тұлғаның бейімділігі мен қабылдеттерін максималды түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және еліміздің талаптарына жауап беретін жиынтық.

Кәсіби бағдарлау өзара байланысқан компоненттерден тұратын, мақсаттардың, міндеттердің және функциялардың бірлігімен біріктірілген тұтас жүйе болып табылады:

- ұйымдастырушылық-функционалды – «мектеп-колледж», «колледж-жұмысберуші», «колледж-жоғары оқу орны» сызбасы бойынша үйлестіру принципінің негізінде өз міндеттерін және лауазымдық міндеттерді орындайтын, мамандықты саналы таңдауға білім алушыларды дайындауға жауаптылар, әр түрлі әлеуметтік институттардың қызметі;
- логикалық-мазмұнды – талапкерлерді кәсіби сауаттандыру, олардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту;
- тұлғалық – талапкердің, студенттің тұлғасы кәсіби тұрғыдан өзін өзі анықтау қасиетін дамыту субъектісі ретінде;
- басқарушылық – үрдістер, құбылыстар немесе мектептегі, колледждегі кәсіби бағдарлау жүйесінің жағдайы, іс-шаралар бағдарламасын қалыптастыру, және оны жетілдіру бойынша жүзеге асыру үрдістерін және нұсқаулықтардың әзірлемелері туралы ақпаратты жинауды және өндеуді қарастырады.

Талапкерлердің, студенттердің кәсіби бағдарлау жүйесі диагностикалық, оқыту, қалыптастырушы және дамытушы функцияларын орындайды. Кәсіби бағдарлау үздіксіз үрдіс болып табылады және оқыту мен тәрбиелеудің барлық кезеңдеріне мақсатты бағытталған.

#### **Жоспарды жүзеге асырудан күтілетін соңғы нәтиже:**

- жастар ортасында мамандықтар дәрежесін көтермелеу;
- колледж студенттерінің кәсіби бағдарлау жұмысы арқылы кәсіби шамаларын жандандыру;
- талапкерлер мен студенттердің мықты кәсіби ынталары мен қызығушылықтарын қалыптастыру;
- жалпы білім беру мектептерінде колледждің кәсіби бағдарлау жұмысының бағдарламаларын жандандыру;
- қала мен аймақта колледждің рөлін жоғары білікті мамандары және заманауи материалдық-техникалық базасы бар қолжетімді және сапалы кәсіптік білім беру орталығы ретінде нығайту;
- колледжде кәсіби бағдарлау бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарын пакетін құрастыру;
- колледж шығаратын мамандардың кәсіби дайындығының сапасын арттыру повышение;
- талапкерлерді қабылдау жоспарын орындау.

Жүзеге асырудың тәжірибелік нәтижелері бағдарламаның әр кезеңінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталады.

I кезең – дайындық – қыркүйек, қазан

II кезең – жұмыс – қараша-сәуір

III кезең – қорытынды – мамыр-тамыз

Жоспарды жүзеге асыруды бақылау жүйесі:

- колледж басшысына сараптамалық есептер дайындау;
- әкімшілік жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестерде, өндірістік жиналыстарда кәсіби бағдарлау жұмыс жоспарының орындалу барысы туралы баяндамалар тыңдау;
- қабылдау комиссиясында, педкеңестерде, әкімшілік жиналыстарда кәсіби бағдарлау жұмысының қорытындыларын талқылау.



### 3.7 ОҚУ ҮРДІСІНЕ КОЛЛЕДЖ ІШЛІК БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ

**Колледж ішілік бақылау** - колледждің білім беру қызметінің жағдайына диагностика жасауға, басқару және басқарылатын объектілер арасында кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттың негізгі қайнар көзі.

#### **Колледж ішілік бақылаудың мақсаттары:**

- колледж қызметін жетілдіру;
- білім беру сапасын жақсарту;
- білім беру саласында ҚР заңнамасын сақтау;
- білім беру саласында мемлекеттік саясат принциптерін жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау;
- білім беру үрдісінің қатысушыларының құқықтары мен еркіндіктерін қорғау;
- даму үрдістеріне талдау және болжамдау өткізу;

шеберлік арттыру.

#### **Колледж ішілік бақылаудың міндеттері:**

- оқу-тәрбие үрдісінің жағдайы туралы ақпаратты жинау және өңдеу;
- барлық басқарушылық шешімдерді жүзеге асыру бойынша кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқытушылардың жұмыс тәжірибелерін зерделеу;
- оқу-тәрбие жұмысы бойынша оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету;
- Білім беру бағдарламасының талаптарын, пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларының орындалуын тексеріс жүргізіпотыру;
- колледж ішілік бақылаудың бөлек түрлері үшін әлсіз жақтарын, тәуекел мен қауіптерді анықтау, талдау, бағалау және алдын алу механизмдерін жетілдіру;
- жұмыс берушілердің, білім алушылардың, оқытушылардың сұраныстарының қанағаттандырылуының талдау және ұйым қызметінің механизмдерін жетілдіру;
